

ТҮЙІН

Мақалада университет студенттерінің құндылықтық өзін-өзі анықтау мәселесі педагогика тұрғысынан қарастырылған. Автор университет студенттерінің құндылықтық өзін-өзі анықтау мәселесін теориялық тұрғыдан негіздейді. «Студенттердің құндылықтық өзін-өзі анықтау» түсінігі студенттің өзінің қажеттіліктері, мүмкіндіктері мен қабілеттерінің әлеуметтік талаптарымен сәйкес келуі арқылы таңдау жасау үдерісі ретінде қарастырылады. Бұл адамның өз болмысының мәнін табу және әлемге, адамдарға, өзіне қатысты өз ұстанымын дамыту; әлеуметтік, кәсіби, жеке мәртебесін дамыту; жалпыадамзаттық, қазіргі әлем және кәсіби құндылықтарын игеру үдерісі болып табылады. Зерттеудің практикалық бөлігінің негізгі мақсаты университет студенттерінің құндылықтық өзін-өзі анықтауында орын алатын құндылықтарды анықтау, мәселелерді шешудің практикалық жолдарын анықтауға мүмкіндік беретін зерттеу әдістерін сипаттау болып табылады.

Кілтті сөздер: құндылықтық өзін-өзі анықтау, құндылықтар, университет студенттері, педагогикалық зерттеу, адами құндылықтар, кәсіби іс-әрекет, қазіргі әлем құндылықтары.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается проблема ценностного самоопределения студентов вуза с позиции педагогики. Автором теоретически обоснована проблема ценностного самоопределения студентов университета. Детально рассмотрено понятие «ценностное самоопределение студентов» как процесс, в котором студент осуществляет выбор на основе осознания и соотнесения своих потребностей, возможностей, способностей с общественными запросами, что определяется его системой ценностей. Это процесс нахождения смысла своего собственного существования и выработки собственной позиции по отношению к миру, людям, себе и результат поиска социального, профессионального, личностного статуса в жизни, что выражается в осознании, переживании и присвоении общечеловеческих ценностей, ценностей современного мира, ценностей профессии. Практическая часть исследования заключалась в выявлении ценностей студентов технического вуза, лежащих в основе их ценностного самоопределения и задающих вектор их самоопределения, описании использованных методов исследования, что позволило определить практические пути решения проблемы.

ӨОЖ: 94(574)
FTAXP 03.20.55

Балжанова Гаухар Женисовна, гуманитария ғылымдарының магистрі, <https://orcid.org/0000-0002-4847-3013>

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті»КеАҚ, Орал қаласы, Жәңгір хан көшесі 51, 090009, Қазақстан, erlan.alataev@mail.ru

Balzhanova Gaukhar Zhenisovna, master of Humanitarian Sciences, <https://orcid.org/0000-0002-4847-3013>

NJSC "West Kazakhstan Agrarian and Technical University named after Zhangir Khan", Uralsk, st. Zhangir Khan 51, 090009, Kazakhstan, erlan.alataev@mail.ru

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ – ХАСАН НҰРМҰХАМЕДУЛЫ
ALASH FIGURES - HASAN NURMUKHAMEDOV

ТҮЙІН

Мақалада Алаш қайраткері Хасан Нұрмұхамедұлының өмірдеректері мен қызметі туралы баяндалған. Хасан Нұрмұхамедұлының атқарған діни, ағартушылық, әлеуметтік, қоғамдық, саяси қызметтері жан-жақты ашылды. Батыс Алашорда үкіметі мен Алаш қайраткерлерінің саяси, қоғамдық қызметтері және бірнеше Алаш тақырыбындағы еңбектер мен ғылыми мақалалар негізге алынды. XX ғасырдың басындағы қазақтың ұлттық идеясы болған Алаш

идеясы тәуелсіздік алған алғашқы кезеңдегі Қазастанның мақсат-мүддесімен үндесіп жатыр. Рухани-мәдени кеңістіктегі Алаш қозғалысының көрнекті өкілдерінің рухтық, асқақтық, өрлік мағынасындағы еңбектеріне мән берілді. XX ғасырдың бірінші жартысында айдалып, атылып, ресми тарихтан, ел жадынан өшірілген Алаш қайраткерлерінің өмірі мен қызметі әлі де болса зерттеуді қажет етеді, ал жарық көрген материалдар зерделеніп, ұлттық рух, ұлттық сана қалыптастыруда өзіндік үлесін қосып келеді. Өлкеміздің Батыс аймағында жоғары және орта арнаулы діни оқу орындарын бітірген бір топ зейінді діндар азаматтар еңбек етті. Олар өздерінің туған жерлеріне оралып, ағартушылықпен айналысып, халықтың рухани талғамын арттыруға күш салып, мешіт және оның жанынан сауаттандаыру мектептерін ашып, көпшілік қауымды парасаттылыққа, имандылыққа баулуда үлгілі істер атқарды. Сонымен қатар мақалада Хасан Нұрмұхамедұлының ұрпақтарының оқу-ағарту, ғылым жолындағы қызметтерінде қарастырылды.

ANNOTATION

The article presents scientific data on the life and work of Hassan Nurmukhamedov, a representative of the Alash party. His religious, educational, social, public and political activities are considered. In the article is given the analysis of the political and public activities of the government and figures of the Alash party, the western wing of the Alash Horde as well as several works, documents, scientific articles. The Kazakh national idea of the early twentieth century, put forward by Alash, echoes the goals and interests of Kazakhstan in the first period of independence. Special attention was paid to the works of prominent representatives of the Alash movement in the spiritual and cultural space in the sense of spirituality, sublimity. The life and activities of the Alash figures who were expelled and shot in the first half of the twentieth century, erased from the official history and memory of the country, still require study, and the published materials contribute to the formation of the national spirit, national consciousness. The article considers the activities of the descendants of Khasan Nurmukhamedov, their educational and scientific activities as well.

Кілтмі сөздер: *Алаш қайраткерлері, Батыс Алашорда үкіметі, Хасан Нұрмұхамедов, Алаш партиясы, Алашорда*

Key words: *Alash figures, the Government of West Alashorda, Hasan Nurmukhamedov, Alash party, Alashorda*

Кіріспе. XX ғасыр басындағы ашаршылық, тоталитарлық режимнің жазықсыз адамдарды қуғындауы мен күштеп жер аударуы, жаппай қуғын-сүргін қазақ тарихындағы ең нәубет жылдар. Ел басына күн туған шақта ұлы дала батырлары мен қазақ зиялылары, діндарлары жалпы бұқара халық қосылып күресті. Өркениетті қоғам құру - аса ірі әлеуметтік-мәдени жүйені негіздеу. Оның негізін әлемдік діндер құрайды. Дін-сенім. Сенім адам жанынан, рухтан тұрады. Дін о бастағы жаратылысында төрт тармақтан тұрады: исламизм, буддизм, рахманизм (индуизм) және христиан діні. Ал, бұл алып жүйелердің ішінде әртүрлі жергілікті мәдениеттер болуы заңдылық[1]. Осы тұрғыдан қарағанда қазақ көшпелі мәдениетті ислам өркениетінің бір бөлігі екендігі айқындалады. Ислам өркениетінің негізін құрауда арабтар, парсылар және түркілер айрықша роль атқарады.

Қарахан, Салжұк мемлекеттері, кейінгі Осман империясы ислам әлемінің саяси және рухани күш-қуатын арттыруда үлкен үлес қосқаны белгілі. Мұсылман діні ғылым, иман, шапағат, мәдениет, қайырымдылық, өркениеттің өзегі. Дінінің келуімен ислам өркениеті де келді[2]. Ғылым мен білім жанданды. Оңтүстікте қалалардың салынуы, онда медреселер мен ғылыми ошақтардың жұмыс істеуіне әкелді. Түркі жерінде халық арасынан Әбу Насыр Әл-Фараби, Қожа Ахмет Ясауи, Махмуд Қашқари, Жүсіп Баласұни, Мұхаммед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалайыри, Науаи, Абай секілді терең ойлы ғұламалар өз шығармаларында ислам өркениетін дамытуға үлес қосты [3].

Бүкіл адам баласының даму тарихы, өсіп-өркендеуі мен қалыптасып жетілуі діни наным-сенімдермен тығыз байланысты. Шындығына келгенде, қазақтың жігерлі жастары ерте уақыттан бастап, білім іздеп Әл-Кахри (Каир), Мекке, Мәдина, Бағдат, Шам, Ыстамбұл, Бұхар, Хиуа, Қазан, Қарқаралы, Уфа, Орынбор тәрізді үлкен шаһарларға барып, жоғары білім алған [4]. Ерекше ескеретін мәселе, XVI-XIX ғасырда және XX ғасырдың басында діни жоғары білім алған азаматтар үлкен парасатты, қоғамның дамуы хақында өзіндік пікірі бар зиялы оқығандар еді.

Өлкеміздің Батыс аймағында жоғары және орта арнаулы діни оқу орындарын бітірген бір топ зейінді діндар азаматтар еңбек етті. Олар өздерінің туған жерлеріне оралып, ағартушылықпен айналысып, халықтың рухани талғамын арттыруға күш салып, мешіт және оның жанынан сауаттандаыру мектептерін ашып, көпшілік қауымды парасаттылыққа, имандылыққа баулуда үлгілі істер атқарды[5]. Бағдат қаласынан жоғары діни оқу орнын үздік тәмамдап, кезінде Ыстамбұлдағы жоғары оқу орында дәріс беріп, Жымпитыда жұмыс істеген Қуанай Қосдәулетов, Бомбей университетін бітірген маңғыстаулық тұңғыш қазақ, геолог және діни білімдар Оразмахамбетов Тұрмағамбет, 1906 жылы Мәдина қаласынан бітірген Хасан Нұрмахамедұлы және тағы басқалар халқымыздың рухани талғамының жетілуіне сүбелі үлес қосты[6].

Жоғары діни оқу орындарын бітіргендермен қатар арнаулы діни орта, оқу орындарын тәмамдап жергілікті жерлерде ағартушылықпен айналысқандар көптеп саналады.

Азғыр бойында Халфе Бекмухамбет Айтбайұлының мешіт-мектебі, 1902 жылдан жұмыс істеген нарын құмындағы Орпа ауылындағы Мутиолла Шәріпов мешіт-мектебі, 1904 жылдан Жайық бойындағы добияда (құрылыс ауылы) жұмыс жасаған Халфе Тегісбай Әлімбайұлы мен Жиенғали Имам мешіт-мектептері, Жылыойдағы қазірет Дүйсеке Дәндібайұлының, Тайсойғандағы Ахмедияр халфенің, Толыбайдағы Арал қазірет пен оның баласы Ғұбайдолланың мешіт-мектептері болғаны мәлім[7].

Атырау өңірінде 1930 жылдардың басында 40 мешіт болған, бірақ бәрінің жанында мектептер болды дей алмаймыз. Халық арасында үлкен абыройға ие болған діни мектептер мен мешіттер, көбіне Көкжар, Қаратөбе, Қаратөкел, Жымпиты, Теке, Астархан Қиғаш бойындағы жәрмеңкелерге жақын аймақтарда жеделдеу дамыды[8]. Әсіресе, Көкжар жәрмеңкесінің мәні ерекше. Ол халқымыздың мәдени-талғам деңгейінің жетілуінің негізі болған сияқты.

Көкжар жәрмеңкесінен Макарий (төменгі новгород) жәрмеңкесіне, одан Қазан мен Уфаға тікелей тұрақты байланыс орнаған. Бұл байланыстардың мәдени-ағарту ошақтарының жедел дамуына айтарлықтай септігі болған[9].

XIX ғасырда мұсылман мектептеріндегі оқу құралдарына Қазан, Орынбор, Уфа қалаларындағы татар баспаханаларынан шыққан әдістемелік туындыларды пайдаанған. Оқу құралдарына енгізілген пәндердің ішінде «Арифметика», «Жағырафияға», «Әлхимияға» барынша көңіл бөлінген[10]. Тар таптық идеологияны басшылыққа алған кеңестік тарих ғылымында патша өкіметінің шеткері аймақтарында ашқан оқу орындары барынша дәріптелсе, ал мұсылмандық оқу жүйесі тек діни фанатизмнің, керітартпа қараңғылықтың ордасы ретінде көрсетіліп келді. Соның салдарынан өлкеміздегі XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы мұсылмандық дәстүрлі оқу жүйесі әлі күнге дейін өзінің тиісті ғылыми бағасын ала алмай келеді[11]. Кезінде көпшілік арасында ағартушылық, рухани тәлім-тәрбие беруде Хасан қазірет Нұрмұхамедовтың алатын орны ерекше. Ол жаппай қызыл террор кезінде Батыс өлкесіндегі зиялы қауым, діни оқыған азаматтардың басшысы ретінде, ислам ұйымының негізін салушы деп жала жабылып, сотталған [12].

Зерттеу материалдары мен әдістері. Хасан Нұрмұхамедұлы 1901 жылы Бұқар қаласындағы жоғарғы діни оқу орнын тәмамдап, араб философиясын жете меңгерген зиялы діни ағартушы, қайраткер. Бұхар қаласы Орта Азия жеріндегі мұсылмандық тәлім-тәрбие ошағы ретінде, тіпті XV-XVI ғасырлардан бастап аты шыға бастаған ең маңдайлы оқу орны «Мир Араб» медресесі және басқа да оқу орындары жұмыс істеген. Өзінің бүкіл саналы өмірін халқының рухани тағылымын жетілдіруге бағыштаған [13]. 1871 жылы Қызылқоға жеріндегі Кестен-Маңқан ауылында Шектібай әулетінде өмірге келген. Руы Шеркеш Қылышкестен тармағы. Арғы атасы Шектібай қазірет сол дәуірде ғұлама, қайраткер болған. Бекет ата мектебінде тәрбиеленгендігі туралы деректер келтіріледі, сонымен қатар Қазақстанның Ойыл, Жем, Сағыз, Қиыл, Қобда бойларындағы ауылдарда балаларды оқытып, халықты имандылыққа баулыған. Бекет ата мектебінен рухани тәлім-тәрбие алған шәкірттер көпшілік, олардың арасында аттастарда баршылық, біздің баяндап отырғанымыз Шектібай Досымекұлы руы Шеркеш. Шектібай қазіреттің рухани тәлім-тәрбиесін немерелері Рахметолла қазірет пен Хазан қазірет жалғастырды. Бұқара қаласындағы діни жоғары оқу орнын бітіріп, елге оралғаннан кейін ағартушылық қызметпен айналысып, мектепте сабақ берді. Хасан жас кезінен

араб, татар, түрік тілдерін жетік болған. Өйткені ол Тайсойған-Ойыл жерінде мешіттердің жанынан ашылған татар мектебін бітіріп, 1886-1901 жылдары Бұқара қаласындағы жоғарғы діни оқу орнында білімін жалғастырған. Хасанның дүние танымы осы оқу орнында жүрген студенттік кезінде-ақ қалыптасып дамыды[14].

Бұқара қаласындағы жоғары оқу орнын үздік бітірген жас маман 1901 жылдан бастап Қызылқоғандағы №7 ауылда қатардағы молда ретінде жұмысқа кіріскен. Парасатты, оқыған жас маман XX ғасыр басындағы қазақ елінде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық жағдайға жете мән беріп, жоғарғы қалалардан шығып жатқан басылымдар бетіндегі жаңалықтардан хабардар болып, сол кездегі оқыған зиялылармен байланыс жасап, діни ағартушылық мәселелерге баса назар аударды. Бірінші орыс революциясының азаттық бағытындағы үні игі әсер еткендігі де белгілі. Ауқатты, бай адамдармен байланыса отырып, келісіп Тайсойған деген жерде жеке мешіттер ашады, кейін оның жанынан мектеп те жұмыс жасай бастады. Кезінде мешіт халықты имандылыққа, адамгершілікке тәрбиелейтін орын болып саналды[15]. Мешіт – қасиетті мекен. Өйткені, қай ел болса да рухани құндылықсыз өмір сүре алмайды. Әсіресе, мешіттер жанынан ашылған дәрісхана ролі ерекше болды

1917 жылдан бастап Атырау (Гурьев) округі бойынша мұқтасип болып тағайындалады, аймақ бойынша діни-рухани тағылымға жауапты және ұйымдастырушы ретінде белгілі бола бастайды. Бұл лауазым X ғасырдан бастап Қарахан әулетінің бастап қолдана бастады. Бұл үлкен атақты кейін Уфадағы Бас мұсылмандар басқармасының шешімімен, жоғары білімі бар, ұйымдастыру қабілет күш, діндарларға беріледі. Ол, зиялылар ретінде өз заманындағы саяси оқиғаларға белсене қатысты. 1917 жылы Орынбордағы жалпы қазақ Съезінде Батыс Қазақстан мұсылмандар қоғамының атынан қатысты[16]

Нұрмұхамедұлы Хасанның саяси ахуалға қатысы туралы сөз еткенде мына жайды білген дұрыс. Батыс Алашорда үкіметі 7 адамнан тұратын жаңа үкімет құрғаны белгілі, сонымен қатар халық арасында беделді, оқыған 10 адамнан ақсақалдар кеңесін де құрды. Ақсақалдар кеңесінің құрамында Қуанай қазірет Хасан қазіреттің іс-әрекетіне талдау жасағанда көзге түсетін мәселе ол кеңес үкіметіне, оның саясатына қарсы болмаған, тек діни нанымға жүргізген, ұлттық әдет-ғұрып, салт-санаға қарсы ұстаған бағытына наразылық бағытта болған.

1922 жылы Атырау қаласындағы құрбан айт намазын оқыған кезде, Хасан қазірет оғызнамасында: «Қазіргі заманда Ленинді, оның ұстаздары Маркс пен Энгельсті пайғамбар деп айтуға баолады» - деп түсінік берген. Осы намазға қатысқан, орысша оқыған зиялылар: Тілеген Медетов, Мұхамбетжан Шомбасов, Дүйсенғали Бурабаев, Сот Нұрсұлтан Искендіров, соттың хатшысы Құмар Саршин т.б. жиналғандар қазіреттің бәрі де осындай түсінікте болса ғой деп, ризашылықпен тараған[17].

Кезінде Хасан қазірет халықаралық деңгейдегі жиындарға қатысып отырған. Өмірде болып жатқан өзгерістерге белсене араласып, өзінің көзқарасын білдіріп отырған ағартушы. 1926 жылы Хасан қазірет Батыс Қазақстан облысы бойынша Мұхтасиб лауазымына жоғарлатылады, бұрын бұл қызметті атқарған Қуанай Қосдәулетовті ауыстырған. Округтік және облыстық мұхтасиб болып атқарған қызметіне талдау жасауды мақсат етпейміз. Кезінде көпшілік арасында рухани тәлім-тәрбие беруде атқарған игі қызмет ұшан-теңіз. Уфадағы мұсылмандардың орталық басқармасының жергілікті жердегі ресми өкілі болғандықтан халықтан жиналған қаражатты Уфаға жіберуді ұйымдастырған. Мешіт, медресе және мектептерге бағыт берген. Оқыған мамандармен қамтамасыз етуге назар аударған. «Мың өліп, мың тірілген» қазақ халқы басынан талай зобалаңдарды өткізгені мәлім. Әсіресе, оқыған зиялылар тобы. Халқымыздың патшалық Ресей кезінде – 1916 жылы бұратаналар, 1918-22 жылдары «ақтарды қолдадыңдар», 1925 жылдар діни қызметкерлерді, 1928 жылы байларды, ал 1931 жылдан «алаш», «ұлтшылдар» деп 1934 жылдан «солшыл» және «оңшылдар» деп кудалап, Қазақ жерінде 4 жаппай-қуғын сүргін кезеңі өткені анық [18]. Жаппай қуғындаудың ауыр кезі – Голощекин билік жүргізген 1925-1933 жылдар болып есептеледі. Ол кез қазақ халқының басынан өткен «Ақ табан шұбырынды» кезінен кейінгі, ең ірі екінші апат болып тарихқа еңбек.

Жауаптау іс-қағазда Хасан қазіретті көптеген Халықаралық деңгейдегі қайраткерлермен

байланыстырып, Түріктің мемлекеттік басшысы Энвар Пашамен, шетелге амалсыз кеткен Мұстафа Шоқаймен, Оразмағамбет Тұрмағамбетовтермен қатысы бар деп есептеп, одақ (ССРО) көлемінде панисламдық ұйымның негізін қалаушы ретінде жалған айыптар тағуға дейін барған және «күшпен» көндірген...

Хасанның 1937 жылы 19 қыркүйекте Орал қаласындағы абақтыда берген жауабында «...Мен Гурьев қаласы мен Доссор және Мақат Кеңшарында, Қаратөбе мен Жылыой аудандарында панислам ұйымына мүшелер қабылдадым деп, «мойындауға» мәжбүр болғаны...» жазылған...

Басқа біздің жақтан істі болған азаматтарға негізінен қойылған сұрақ – Жапон «тыңшысы» Хасан Нұрмұхамедов пен ақмигрант басшылары Мұстафа Шоқай мен Оразмағамбет Тұрмағамбетовпен байланыстыратын көрсет? [19]. Нендей тапсырма берді, қандай хабар бердің? Хасан қазіретпен қай жерде кездестің? Саған нендей тапсырмалар берді? Деген сұрақтардан басталып отырды... Тергеушілер «әртүрлі» әдістерді пайдаланып, өздерінің ыңғайларына сәйкес «жауаптар» алды. Хасан қазіретпен Батыс Қазақстан облысындағы діни қызметкерлердің тағдырын ұштастырып, дінбасының таныстары мен туыстары, қызметтестері түгелдей «халық жауы» атанды, әсіресе Ойыл-Тайсойған, Жымпиты, Жылыой өңіріндегі. 1937 жылы Хасан қазірет Ойылда кетіп бара жатып, Мақат елді мекеніндегі танысы Қаражан Сарбөпиевтің үйінен түстеніп кеткен, сол жылы Текеге кетіп бара жатып, Қаратөбеде Төлеген Иманғазиевтің үйіне қонған, кейін осы азаматтар Хасанның пікірлесі ретінде «халық жауы» атанып атылған[19].

Дінбасы Хасан қазіретті қудалау 1925 жылдан басалған. Ол үшін айына бір рет Атырау ОГПУ-ға барып, жұмысы туралы ақпарат беруге және діни бағыттағы бағдарламасын айқындауға міндетті болған. 1928 жылы байларды тәркілеу мен діни қызметкерлерді жазалау кең етек алған кезде Хасан қазіреттің мешіті тәркіленіп, өзі тексерілген. Хазіретпен бірге сол жердегі барлық мешіттер мен туған-туысқандары, ағайындары ұсталған[20].

Зерттеу нәтижелері. 1930 жылы Хасан Нұрмұхамедұлы аудандық соттың шешімімен, мемлекеттік салықты уақытында төлемегендігі және жеке меншік малын жан-жаққа үлестіргені үшін деген жалған жаламен 3 жылға бас бостандығынан айыру, 3 жылға жер аударуға үкім шықты. Сот мәжілісінде Хасан хазірет салықтың шамадан тыс артық салынғандығын және малының тұқымын асылдандыру үшін сатқандығын дәлелдеп берген. Бірақ, оны ескерген ешкім боламады, процеске қатысқан прокурор «сені жұрт Хасекең» дейді, шынында сен «халықты тонаған қасқырсың» деп зекіген. Мерзімді жазасын Ойылда, кейін Аралда өткізген. Айдауда жүріпте көпшілікті имандылыққа бағыштауды жалғастырған. Қудалау ол «айыпты» мерзімін өтеп келгеннен кейін де тоқтамады. 1937 жылы РСФСР қылмыстық кодексінің 58 бабымен іс қозғалып, Орал абақтысына жабылды. Алаш қозғалысына қатысқандар деп ұлтшыл аталғандардың тісін Қазан төңкерісі кезіндегі және Кеңес үкіметінің алғашқы кездердегі қызметтеріне қайта баға беріле бастауы. 1919 жылғы Лениннің Алаш қозғалысына қатысқандарға берген кешірімі іс жүзінде жойылды. Қайта тергеу, қамау кең етек алды. Нұрмұхамедовты тексерудің өзіне тән бір ерекшелігі оның бүкіл іс-әрекетін ЦДУМ-мен (мұсылмандардың діни басқармасының орталығы) сабақтастырып, халықаралық деңгейдегі қылмыскер ретінде көрсету. Уфадағы басқарманың жетекшілері Таржимаиылов пен Мағкумов Мағдидің арасындағы байланысты «айқындауға» бағытталған. Тіпті Хасан қазірет 1935 жылы панисламдық ұйымға Тармаиыловтың үгітімен өттім деп «амалсыз мойындатқан...». [20]. Айыптау істің көптеген беттері Хасан мен Сағидолла Ізтілеуовтердің (1906 жылы Мәдинадан діни университетті бітірген) байланыстарына арналған. Кезінде екеуі де Жоғарғы діни оқу орнын бітірген, саналы қазақ зиялыларының қатарынан орын алып, халқымыздың рух қаймағы болған парасатты азаматтар еді. Өздері біренеше тілді еркін меңгерген. Хасан қазірет ағылшын тілін меңгерген өлкеміздегі алғашқы қазақтардың бірі. Абақтыда қорлап жауаптауда 1921-1922 жылдардағы панисламдық ұйымға басшылық берудегі Мұстафа Шоқай мен Түрік мемлекеттік қайраткері Энвер Пашаның бағытауымен Жанша мен Халел Досмұхамедовтардың ұсынысымен жергілікті жерлердегі социалистік құрылысқа қарсылық білдірген, панисламдық ұйымның Батыс Қазақстан жеріндегі бөлімшенің жетекшісі Құлымбетов Ұзақбаймен

бірігіп,жергілікті жерлерде «ұйым» ұйымдастырдың деп соның әрекетерін көрсетуді талап етті және әртүрлі «әдістермен» «мойындатты» ... Қарабау болысынды байлар тобының жетекшісі болып бүлік ұйымдастырдың деген «айыптар» тағылды. Жалған тағылған жазаны өтеп жүріп,ол Тобылдағы лагерьде бостандықты армандап дүниеден өтті.

Қорытынды. Кеңес заманында жаппай саяси қуғындау діни оқыған зиялыларға өте ауыр тигені мәлім. Соның ішінде Хасан қазіретті Батыс Қазақстан аумағынадғы панисламдық ұйымның «басшысы» ретінде жазалады, тек Атырау облысында 45 молда, 13 священник Хасан қазіреттің «құйыршықтары» деп атылып кетті. Қазір, Ойылда тұратын 82 жастағы Хасан қазіреттің баласы Ахметбек Хасанұлы ... «Біз, 40 жылдай әкемізді атауға қорықтық... Әкемнің діни – ағартушы қызметі үшін, мен 25 жылға сотталып, оның сегіз жылын атақты Қолымда өткіздім...» деп еске алады [21].

«Өлі разы болмай, тірі байымайды» дегендей халықтың болашағын ойлап халқына бағыт сілтеп, тәуелсіздікке қол созған осы зиялылардың өмір жолдарына терең үңіліп, зерттер болсақ, бүгінгі жас ұрпаққа алар өнеге мен тәлім-тәрбие жеткілікті. Сондықтан да келер ұрпақ өз ата-бабаларының қилы тағдырын оқып, зерделеп, олардың айбынды да, қажырлы еңбектері туралы ой түйі тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Бірімжаров Б. Алашорда тарихы оған бөкейлік тарихи тұлғалардың қатынасуы [Текст] / Б. Бірімжаров // Алаш қозғалысы: теория, тарих, тағылым: респ. ғылыми-тәжірибелік конф. материалдары. – Орал: Полиграфсервис. - 2008. – Б. 55-65

2 Боранбаева Б. С. Алаш арыстарының өнегесі жас ұрпақ тәрбиесінің негізі [Текст] / Б. С.Боранбаева // Ақжайықтың Алаш арыстары. – Орал: Чапаев ауылы. - 2017. – Б. 169-175

3 Аймағанбетұлы Р. «Алаш қозғалысының» қайнар көзі және білім мәселесі [Текст] / Р.Аймағанбетұлы // Қазақ тарихы. - 2018. - № 4. - Б. 49-51.

4 Қабдошев Б. Батыс Алашорда көсемі Ғұбайдолла Әлібеков: кеңес дәуіріндегі қызметі [Текст] / Б. Қабдошев // Қазақ тарихы. - 2018. - № 7 (164). - Б. 40-42.

5 Saktaganova Z.G., Omarova B.K., Pyassova K.M., Nurligenova Z.N., Abzhapparova B. Zh., Zhalmurzina A. Zh. The Alash Party: Historiography of the Movement [Text] / Z. G. Saktaganova, B. K. Omarova, K. M. Pyassova, Z. N. Nurligenova, B. Zh. Abzhapparova, A. Zh. Zhalmurzina // Space and Culture. – 2020. – Iss. 7:4.

6 Бейсенбекова Н.А. Әлихан Бөкейхан - ұлт мақтанышы [Текст] / Н. А. Бейсенбекова, Г.М. Смағұлова, Л. К. Шотбакова. – Қ.: Гласир – Қ, 2016. - 198 б.

7 Бөкейхан А. Шығармалары [Текст] / А. Бөкейхан. – А.: Сарыарқа, 2016. – Т. VIII Б. - 600 б.

8 Auanassova A., Nurpeisov E., Auanassova K., Kushenova G., Mukhlissova N. The History of the Alash Party in the Context of the Impact on the Processes of Constitutional Acts [Text] / A. Auanassova, E. Nurpeisov, K. Auanassova, G. Kushenova, N. Mukhlissova // Ancient Asia. - 2021. - Vol. 12. - P. 1- 8.

9 Аймағанбетұлы Р. Ә. Бөкейхановтың әлеуметтік-саяси көзқарастары [Текст] / Р. Аймағанбетұлы // Қазақ тарихы. - 2018. - № 8 (165). - Б. 40-41.

10 Tursun Kh., Gumus N., Bazrbayev K., Zhorayeva G., Kurmanalin S. The history of the Alash movement in the context of the 'empire of positive action' [Text] / Kh. Tursun, N. Gumus, K. Bazrbayev, G. Zhorayeva, S. Kurmanalin // Asian and African Studies. – 2021. - № 1. - Vol. 30. – P. 45-51

11 Ақанов Ә. Алашорда қайраткерлерінің ұлттық руханиятқа тигізген әсері [Текст] / Ақанов Ә. // Ақиқат. - 2013. - № 11. - Б. 108-110.

12 Жақсығалиев Ж. Алаш арыстары: тарих һәм тағылым [Текст] / Ж. Жақсығалиев //Ақжайықтағы Алаш іздері. – 2017. – Орал: Чапаев ауылы. - 2017. – Б. 43-50

13 Қопаев Б. Қазақтың өз алдына ел болғанын көремізба [Текст]/ Б. Қопаев // Ақжайықтың Алаш арыстары. – 2017. Орал: Чапаев ауылы. - 2017. – Б. 7-13

14 Рахметуллин Е. Алашорда және земстволық басқару жүйесі тарихи деректерде

[Текст] / Е. Рахметуллин // Отан тарихы. - 2020. - № 1. – Б. 97.

15 Сәулембекова М. Ғабдолғазиз Мұсағалиев [Текст] / М. Сәулембекова // Қазақ тарихы. 2001. - № 1. – Б. 46-49

16 Аймағанбетұлы Р. «Алаш қозғалысының» қайнар көзі және білім мәселесі [Текст] / Р.Аймағанбетұлы // Қазақ тарихы. - 2018. - № 4. - Б. 49-51.

17 Сулейменова Д. Д. Жаһанша Досмухамедов - Күнбатыс Алашорда мемлекетінің жетекшісі [Текст] / Д. Д. Сулейменова // Ақжайықтағы Алаш іздері. – 2017. Орал: Чапаев ауылы. - 2017. – Б. 26-32

18 Шәріпқали Т. Өлкеден шыққан қазақ оқығандары [Текст] / Т. Шәріпқали // Орал өңірі. 2000. – № 30.

19 Mikhail S. Alash-Orda in the Context of National Movements in Asian Russia 1917 1920 Mikhail [Text] // Istoriya. – 2019. – Т. 10. – Р. 1-9.

20 Kesici Ö. The Alash movement and the question of Kazakh ethnicity [Text] / Ö.Kesici // Nationalities Papers. July-2017. Vol. 45. – Р. 1136-1149

21 Рысбеков Т. З., Рысбекова С. Т. Батыс Қазақстандағы Алаш зиялылары [Текст] /Т.З.Рысбеков, С.Т.Рысбекова // Ақиқат. – 1998. - № 6. – Б. 96.

REFERENCES

1 ВЯгЯмzharov B. Alashorda tarihy oran bөkejlЯk tarihi tylralardyp katynasuy [Tekst] / B. ВЯгЯмzharov // Alash kozralysy: teoriya, tarih, tarylym: resp. rylymi-təzhЯribelЯk konf. materialdary. – Oral: Poligrafservis. - 2008. – B. 55-65

2 Boranbaeva B. S. Alash arystarynyp onegesЯ zhas ypaқ tarbiesЯnЯп negЯzЯ [Tekst] / B. S.Boranbaeva // Akzhajyktyp Alash arystary. – Oral: CHapaev auylы. - 2017. – B. 169-175

3 Ajmaranbetyly R. «Alash kozralysynyp» kajnar kozЯ zhane бЯЯм maselesЯ [Tekst] / R.Ajmaranbetyly // Kazak tarihy. - 2018. - № 4. - B. 49-51.

4 Kabdoshev B. Batys Alashorda kөsemЯ Gybajdolla AЯbekov: kenes dөuЯrЯndegЯ kyzmetЯ [Tekst] / B. Kabdoshev // Kazak tarihy. - 2018. - № 7 (164). - B. 40-42

5 Saktaganova Z.G., Omarova B.K., Ilyassova K.M., Nurligenova Z.N., Abzhapparova B. Zh., Zhalmurzina A. Zh. The Alash Party: Historiography of the Movement [Text] / Z.G. Saktaganova, B. K. Omarova, K. M. Ilyassova, Z. N. Nurligenova, B. Zh. Abzhapparova, A. Zh. Zhalmurzina // Space and Culture. – 2020. – Iss. 7:4.

6 Bejsenbekova N.A. Alihan Bokejhan - ylt maktanyshy [Tekst] / N. A. Bejsenbekova, G.M. Smarlyova, L. K. SHotbakova. – K.: Glasir – Қ, 2016. - 198 b.

7 Bokejhan A. SHyarmalary [Tekst] / A. Bokejhan. –A.: Saryarka, 2016. –Т. VIII B. -600 b.

8 Auanassova A., Nurpeisov E., Auanassova K., Kushenova G., Mukhlissova N. The History of the Alash Party in the Context of the Impact on the Processes of Constitutional Acts [Text] / A.Auanassova, E. Nurpeisov, K. Auanassova, G. Kushenova, N. Mukhlissova // Ancient Asia. - 2021. - Vol. 12. - R. 1- 8.

9 Ajmaranbetyly R. A. Bokejhanovtyp aleumettЯk-sayasi kozkarastary [Tekst] / R.Ajmaranbetyly // Kazak tarihy. - 2018. - № 8 (165). - B. 40-41.

10 Tursun Kh., Gumus N., Bazrbayev K., Zhorayeva G., Kurmanalin S. The history of the Alash movement in the context of the ‘empire of positive action’ [Text] / Kh. Tursun, N. Gumus, K. Bazrbayev, G. Zhorayeva, S. Kurmanalin // Asian and African Studies. – 2021. - № 1. - Vol. 30. – R. 45-51

11 Akanov A. Alashorda kajratkerlerЯnЯп yltyk ruhaniyatka tigЯzgen aserЯ [Tekst] / Akanov A. // Akiqat. - 2013. - № 11. - B. 108-110.

12 ZHaksyraliev ZH. Alash arystary: tarih hөm tarylym [Tekst] / ZH. Zhaksyraliev //Akzhajyktary Alash ЯzderЯ. – 2017. – Oral: CHapaev auylы. - 2017. – B. 43-50

13 Kopaev B. Kazaktyp oz aldyna el bolranyн koremЯzba [Tekst]/ B. Kopaev // Akzhajyktyp Alash arystary. – 2017. Oral: CHapaev auylы. - 2017. – B. 7-13

14 Rahmetullin E. Alashorda zhane zemstvolыk baskaru zhyjesЯ tarihi derekterde [Tekst] / E. Rahmetullin // Otan tarihy. - 2020. - № 1. – B. 97.

- 15 Saulembekova M. Ғabdolraziz Mysaraliev [Tekst] / M. Saulembekova // Kazak tarihy. 2001. - № 1. - Б. 46-49
- 16 Ajmaranbetyly R. «Alash kozralysynyn» kajnar kozi zhane bЯIЯm maselesЯ [Tekst] / R.Ajmaranbetyly // Kazak tarihy. - 2018. - № 4. - Б. 49-51.
- 17 Sulejmenova D. D. ZHahansha Dosmuhamedov - Kynbatys Alashorda memleketinin zhetekshЯsЯ [Tekst] / D. D. Sulejmenova // Akzhajyktary Alash ЯzderЯ. - 2017. Oral: Chapaev auuly. - 2017. - Б. 26-32
- 18 SHarЯpkali T. Olkeden shykkan kazak okugandary [Tekst] / T. SHaripkali // Oral onЯrЯ. 2000. - № 30.
- 19 Mikhail S. Alash-Orda in the Context of National Movements in Asian Russia 1917-1920 Mikhail [Text] // Istoriya. - 2019. - Т. 10. - Р. 1-9.
- 20 Kesici Ö. The Alash movement and the question of Kazakh ethnicity [Text] / Ö.Kesici // Nationalities Papers. July-2017. Vol. 45. - Р. 1136-1149
- 21 Rysbekov T. Z., Rysbekova S. T. Batys Kazakstandary Alash ziyalylary [Tekst] / T.Z.Rysbekov, S.T.Rysbekova // Akikat. - 1998. - № 6. - Б. 96.

РЕЗЮМЕ

В статье представлены научные данные о жизни и деятельности Хасана Нурмухамедова, представителя партии «Алаш». Рассмотрены его религиозная, просветительская, социальная, общественная и политическая деятельность. Дан анализ политической, общественной деятельности правительства и деятелей партии Алаш, западного крыла Алаш Орды, а также несколько работ, документов, научных статей. Казахская национальная идея начала XX века выдвинутая Алаш, перекликается с целями и интересами Казастана в первый период обретения независимости. Особое внимание было уделено трудам видных представителей движения Алаш в духовно-культурном пространстве в смысле духовности, возвышенности. Жизнь и деятельность деятелей Алаш, изгнанных и расстрелянных в первой половине XX века, стертых из официальной истории, памяти страны, по-прежнему требуют изучения, а опубликованные материалы, вносят свой вклад в формирование национального духа, национального сознания. Также, в статье рассмотрена деятельность потомков Хасана Нурмухамедова, их просветительская и научная деятельность.

УДК 316.334.52
МРНТИ 04.15.21

Галиева Ж. С., магистр истории, <https://orcid.org/0000-0003-0727-6037>

НАО «Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана», город Уральск, улица Жангир хана 51, 090009, Казахстан, zhanat.galieva@mail.ru

Galiyeva Zhanat Samygulliyevna, master of history, <https://orcid.org/0000-0003-0727-6037>

NJSC "West Kazakhstan Agrarian and Technical University named after Zhangir Khan", Uralsk, st. Zhangir Khan 51, 090009, Kazakhstan, zhanat.galieva@mail.ru

ОТНОШЕНИЕ СОВРЕМЕННОЙ МОЛОДЕЖИ К РЕЛИГИИ ATTITUDE OF MODERN YOUTH TO RELIGION

АННОТАЦИЯ

В статье приведены новые статистические данные, акцентированные на социологическом исследовании по теме «Религия и молодежь», проведенном среди студентов Западно-Казахстанского аграрно-технического университета имени Жангир хана. Принимая во внимание факторы, способствующие формированию религиозной ситуации в стране, в конце исследования, проведенного с целью определения отношения, позиций и образовательного уровня студентов к религии, были сделаны выводы. Путем анализа ответов каждого из 350